



Індетті бірге жеңеміз!

Жәңгір хан университетінің еріктілері коронавирус инфекциясымен күресте уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген жандарға ыстық тамақ жеткізді.

— Мемлекет басшысының республикалық «Біз біргеміз!» акциясын жалғастырып, індетке қарсы күресте өлшеусіз үлесін қосып жүрген «Ивушка» карантиндік стационары мен «Кумыска» провизорлық госпиталінің, облыстық жедел жәрдем станциясының медицина қызметкерлері мен қаланың 9 блок-бекетіндегі полицейлерге, жалпы саны 240 адамға ыстық тамақ апарып бердік, - деді университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов.

Сондай-ақ еріктілер университет ардагерлеріне де әлеуметтік көмек көрсетіп, 75 зейнеткердің үйіне аса қажетті азық-түлікті жеткізді. Университеттің құрметті ардагерлері Гүлбану Кабировна мен Берік

орынбасары Гүлнәр Жұмағалиева елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты денсаулық сақтау қызметкерлері күшейтілген режимде, тәулік бойы тұрғындарға қызмет көрсететінін айтып: «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ әкімшілігі қызметкерлерімізге қамқорлық танытқаны бізді қуантты. Әр ауысымда 10 бригада үй карантинінде емделушілерді қарайды. Қазір бізге адамдар қызуы көтеріліп немесе шұғыл қажеттілік туындаған кезде ғана хабарласады. Мысалы, кеше 9 шақыру келіп түсті, - дейді. 103 нөміріне түскен қоңыраулар саны өткен аймен салыстырғанда азайғаны байқалады.

— Бұл — халықтың жедел жәрдем қызметкерлерінің жұмысына түсіністікпен



да тәулік бойы жұмыс істейді. Құрамда полиция, патрульдік полиция қызметкерлері, учаскелік полиция инспекторлары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, дәрігерлер бар. Алғашқы кезде тұрғындар карантин ережелерін, қалаға кіру және шығу шектеулерін түсінбейтін, сақтамайтын. Қазір бұл халықтың денсаулығын сақтауға бағытталған қажетті шара екенін түсінеді. Біздің қызметіміз үшін барлық жағдай жасалған, демалу орындары бар, қажеттіліктермен қамтамасыз етілгенімізді атап өткім келеді. Жергілікті атқарушы органдарға ризашылығымызды білдіре отырып, блок-бекет қызметкерлеріне тегін ыстық түскі ас жеткізген Жәңгір хан атындағы БҚАТУ әкімшілігіне алғыс айтамыз, - дейді Ержан Ерғарин.

№3 «Ивушка» карантиндік бөлімшесінің аға дәрігері Ажар Ахмедиярова мен №2 «Кумыска» провизорлық госпиталінің аға дәрігері Марлен Кенжеғұлов Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ға алғыс білдірді.

— Бүгін университет ұжымы мерекелік көңіл-күй сыйлады. Біздің еңбегімізді жеңілдетуге деген ықылас пен қамқорлықты сезген кезде қуанып қалдық. Көп рахмет! Біз біргеміз! - деді олар.

— №3 карантиндік бөлімшеде 25 қызметкер жұмыс істейді. Мұнда індеттің таралуы бойынша бірінші санаттағы елдерден келген адамдар бақылауға алынады. Олар күн сайын алты мәрте тамақтанады. Күндіз және түнгі ауысымда жұмыс жасайтын қызметкерлер де ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Университет қызметкерлерінің көңіліне ризашылығымызды білдіреміз, - дейді Ажар Ахмедиярова.

— №2 «Кумыска» провизорлық госпиталінде коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастармен тікелей байланыста болған 44 емделуші бар. Бүгінгі таңда олардың жағдайы бірқалыпты, - деді Марлен Кенжеғұлов.



Жұмағалиев ЖОО басшылығына зейнеткерлерге көңіл бөліп, қамқорлық танытқаны үшін алғыс айтты: «Мен «Нива» спорттық-сауықтыру кешенінде 17 жыл жұмыс істедім. Екі жыл бұрын зейнетке шықсам да, университет басшылығы бізді ұмытпай, үнемі жәрдемдесіп жүреді. Біз бұл індетті бірге жеңеміз!» - дейді Берік Жұмағалиев.

Жәңгір хан университетінің Жастар бастамасын дамыту орталығының директоры Асхат Өкшебаев тұрғындарды жауапкершілікті сезініп үйден шықпауға, сақтық шараларын және карантин ережелерін сақтауға шақырып: «Төтенше жағдай кезінде елдің қауіпсіздігі үшін үздіксіз жұмыс істейтін полицейлер мен медицина саласының қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз. Бір-бірімізге қамқорлық танытып, жұдырық боп жұмылсақ, бұл қиындықты да еңсереміз. Біз біргеміз!» - деді.

Облыстық жедел жәрдем станциясы директорының емдеу жұмысы жөніндегі

қарауы деп білеміз. Коронавирус инфекциясына күдік болған жағдайда ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің алгоритмі мен қаулысына сәйкес даярланған топ әрекет етеді. Қызметкерлеріміздің жеке қорғану құралдары мен қажетті жабдық жеткілікті мөлшерде, - деді Гүлнәр Жұмағалиева.

БҚО полиция департаменті Тыл басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Ержан Ерғарин №2 блок-бекет арқылы тәулігіне 350 автокөлік, басқа қалалар мен елдерден транзиттік автокөліктер өтетінін айтты. Қала мен қала маңындағы тұрғындар жұмыс пен үй арасының маршруты көрсетілген жұмыс орнының анықтамасы бойынша жүреді. Әр блок-бекеттің медицина қызметкерлері коронавирус жұқтыру фактілері бар елдерден транзиттік көлікпен келген азаматтарға сауалнама жүргізіп, дене қызуы мен құжат тексеріледі.

— №2 блок-бекетте 12 адам екі ауысым-



На дистанционном обучении



Новая лаборатория



В честь 75-летия Победы!



<https://www.facebook.com/wkau.kz>

https://vk.com/wkau_kz

[@wkau.kz](https://www.instagram.com/wkau.kz)

Жаңалықтарды <http://www.wkau.kz> саітынан оқыңыз

Новости на нашем сайте <http://www.wkau.kz>